




Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдары
үшін дуальды оқыту туралы келісім шарт

Меркі қаласы
(аудан, ауыл)

20 22 жылғы "05" 09

12013482
Жоңғарлы Шариязов мен Мамырбаев негізінде әрекет етуші (құрылтайшы
құжаттардың реквизиттері) атынан, Наибил Бексат жәні Бағдарламашы (білім
беру ұйымның атауы) 19 Меркі қаласы бұдан әрі "білім
беру ұйымы" деп аталатын Мамырбаев Жаңахан Қарықбаев бір
жағынан, 19 Меркі қаласы (басшының немесе басқа өкілетті
тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) негізінде әрекет етуші

Меркі мейханов
Тюрамов Ферман (құрылтайшы құжаттардың
реквизиттері) Ашиқұлы атынан, (басшының немесе
басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) бұдан әрі "кәсіпорын (ұйым)" деп аталатын
Меркі мейханов (кәсіпорынның атауы)
Тюрамов Ферман Жеке тәуелсіздік туралы
қуәліктің ЖСН _____, жылғы " " _____ берген, бұдан әрі "білім алушы" аталатын
және оның заңды өкілімен (білім алушы кәсілетке толмаған жағдайда)

Тюрамов (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған
жағдайда) Жеке тәуелсіздік ЖСН _____, жылғы " " _____ ерген,
үшінші жақтан, бірге "Тараптар" деп аталатын осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы осы Шарт жасасты.

1. Дуальды оқыту туралы шарттың мәні

1. Осы дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 119 - бабымен, Қазақстан
Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 тіркелген) бекітілген дуальды оқытуды ұйымдастыру
қағидаларына және кәсіпорын (ұйымның) жарғысының 45 тармағына сәйкес жасалды.

2. Оқу орны 2022 жылы түскен

10130300 Тамақтану реттеу және үйдегі асханалар (мамандықтың коды және
атауы) мамандығының аспаушы (біліктіліктің)

дуальды оқыту
(білім беру бағдарламасының атауы) білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын жүзеге
асырады.

3. Кәсіпорын (ұйым) білім алушыны тиісті жұмыс жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне
сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

4. Білім алушы өндірістік, еңбек функцияларын және тапсырмаларды білікті орындауға мүмкіндік беретін
кәсіби құзыреттілікке ие болу үшін білім беру бағдарламаларын меңгереді.

2. Дуальды оқыту туралы шарттың әрекет ету мерзімі

5. Дуальды оқыту туралы шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және оқу
мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Кәсіпорын (ұйым) осы дуальды оқыту туралы, білім алушының кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан
және кәсіптік практикадан өтуі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшаны толтырады.

Дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде
бұзылуы мүмкін.

6. Білім алушыны жұмыс орнына қабылдау осы дуальды оқыту туралы шарттың негізінде шығарылатын
басшысының бұйрығымен немесе кәсіпорынның (ұйымның) құрылымды бөлімшесінің өкімімен рәсімделеді.

3. Білім алушының құқықтары және міндеттері

7. Білім алушы:

1) қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
2) кәсіпорында бекітілген жетекшісінің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және
басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік
әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға
қол жеткізуі мен пайдалануына;

3) өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы өту барысында денсаулығына зақым келген зиянның өтеуіне;

4) белгілі бір мамандық бойынша біліктіліктің тиісті деңгейін тағайындау және белгіленген үлгідегі
біліктілікті беру туралы куәлікті (сертификатты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015
жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы
мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы
өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру
қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алушы аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың
нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 тіркелген)
нысанға сәйкес алуға құқылы.

8. Білім алушы:

табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтауға;

2) кәсіпорынның (ұйымдардың) жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты карауға;

3) өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;

4) өндірістік оқыту және кәсіби практикадан өту үшін белгіленген мерзімде кәсіпорынның карауына келуге;

5) өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеуге;

6) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы өту туралы күнделік жүргізуге, тәлімгерге немесе практика жетекшісіне орындаған жұмыс туралы есеп беруге;

7) кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнындағы сабаққа хабарлау келмеген жағдайда бұл туралы кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнына себебін айтып және ауру немесе жазатайым оқиға болған жағдайда, 3 күн ішінде тиісті медициналық анақтаманы жіберуге;

8) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін кәсіпорын (ұйым) ұйымдастыратын кіріспе және өндірістік нұсқаулықтан өтуге;

9) оқу процесінің кестесіне сәйкес өндірістік оқудан және кәсіби практикадан уактылы өтуге міндетті.

4. Кәсіпорынның (ұйымның) құқықтары және міндеттемелері

9. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процесінің өзгерген жағдайларына сәйкес күнтізбелік кестелерді және білім беру бағдарламасын әзірлеуге катысуға;

2) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына катысуға;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға құқылы.

10. Кәсіпорын:

1) тәлімгерді бекітуге – өндірістік оқытуды және кәсіптік практикаға басшылық ететін өндіріс және қызмет көрсету саласындағы технологияларды меңгерген өндірістің (ұйымның) білікті маманы.

2) оқу орнымен бірге білім беру бағдарламасын, мамандық бойынша жұмыстың оқу жоспарын, оқу процесінің жылдық күнтізбелік кесте, дуальды білім беру шеңберінде білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және келісу;

3) білім алушына дуальды оқытудан өту барысында, құпия және заңмен қорғалатын ақпаратты қоспағанда, арнайы киіммен (формамен), оқыту құралдарымен, қолданыстағы нормативтерге сәйкес шығыс материалдарымен практикалық материалдар мен процеске қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушыны еңбек қауіпсіздігінің әдістеріне оқытуды жүргізуге;

5) оқу үдерісінің тізбесіне және (немесе) күнтізбелік кестеге, білім беру бағдарламаларына сәйкес өндірістік оқытуды және кәсіптік практика өткізу үшін жұмыс орындарын ұсынуға;

6) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына катысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеуге;

7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның (ұйымның) ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар етуге;

8) білім алушының жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапханаларды, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға мүмкіндік беруге;

9) өндірістік оқыту және кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және дуальды оқытуды өту сапасын бағалауға;

10) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және шарттың талаптарына сәйкес білім алушыға өтемақы төлемін қамтамасыз етуді қарастыруға;

11) тиісті бос орын болған жағдайда, оқыған мамандығына (біліктілік) сәйкес жұмысқа қабылдау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектің кандидатурасын карауға;

12) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін білім алушыға кіріспе және (немесе) өндірістік нұсқама өткізуге;

13) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуін растауға міндетті.

11. Тәлімгер:

1) білім алушыны практикалық тәсілдерге және лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау әдістеріне оқытуға;

2) кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушыны оқытуды жүзеге асыруға;

3) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауға;

4) білім алушыларға жіберілген қателіктерді анықтауға және бірлесіп жоюға, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетуге;

5) білім алушының бойында өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жауапты карауға, сондай-ақ жұмыстағы әріптестеріне дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға;

6) білім алушыдан өндірістік қызметпен байланысты мәселелер бойынша тапсырмаларды орындауын талап ету;

7) білім алушыдан ауызша және жазбаша нысанда жұмыс есептерін талап етуге;

8) білім алушыға жұмысшы разрядын беру және оның кәсіби мінездемесін талқылауға катысу туралы ұсыныс енгізуге;

9) білім алушыға пікір жазуға;

